JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МҒТАР / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.21.35

Issues of the Medieval History of Kazakhstan in the Materials of the A.Kh. Margulan Archive

K. Akanov✉
Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan
✉*gazizuly85@mail.ru*

Abstract. This article analyses documents from the personal collection of Academician A.Kh. Margulan, held at the National Archives of the Republic of Kazakhstan (NA RK), focusing on one of the key areas of his multifaceted scholarly legacy – the history of medieval Kazakhstan and the Kazakh Khanate. The source base for the study consists of archival collections where files relating to A.H. Margulan's scholarly activities were held. The main focus of the work is on a source-critical analysis of the collections in A.H. Margulan's personal archive at the National Archive of the Republic of Kazakhstan (NA RK). In addition, some materials held in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK) have been utilised. The methodological tools employed included the principle of historicism, the method of retrospective analysis and the comparative-historical method. Based on an examination of archival files, this paper highlights the scholar's research concerning historical biographies (Emir Yedige, Khan Tokhtamysh, Uraz-Muhammad, Kazakh khans and biis), the genealogy of the Chingizids, as well as epigraphy and architectural monuments (the mausoleums of Jochi Khan, Alasha Khan, Ayak-Kamyr, and the Botogai settlement). Particular emphasis is placed on the role of Academician A.Kh. Margulan in identifying manuscript sources, studying the legacy of Ch.Ch. Valikhanov, proving the existence of a sedentary, urban and agricultural culture amongst the ancestors of the Kazakhs, and re-examining the stages of the formation of Kazakh statehood and tribal confederations. Works of folk folklore, concentrated in the academic's personal collection, have been identified as a source of information on prominent figures of the Golden Horde era (Yedige, Tokhtamysh); data on medieval urban architecture and funerary structures; information on Uraz-Muhammad's library; and materials by Russian Orientalists on the history of the steppe peoples. The manuscripts and archival documents collected in A. Kh. Margulan's personal collection constitute a valuable source on the history of medieval Kazakhstan, the full potential of which has not yet been explored in contemporary scholarship. The publication of materials from the collection of this eminent Kazakh scholar should contribute to a more in-depth study of the history of the Kazakh Khanate, its prominent figures, and the archaeological and cultural monuments of the medieval era. The issues raised by the scholar – ranging from the localisation of medieval towns to the dating of the foundation of the Kazakh Khanate – remain highly relevant to academic research and serve as a source-based foundation for contemporary historians. Furthermore, the materials from the academician's personal archive provide sources for studying the history of the development of medieval studies in Kazakhstan; working with manuscripts, draft notes and lecture notes helps to understand the 'historian's laboratory' – that is, they are significant for research into intellectual history and the history of historical science in Kazakhstan.

Keywords: Margulan; history of Kazakhstan; ethnopolitical history; Kazakhs; medieval Kazakhstan; Kazakh Khanate; historiography; source research

© K. Akanov, 2026

For citation: Akanov K. Issues of the Medieval History of Kazakhstan in the Materials of the A.Kh. Margulan Archive. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp.21-35. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.21.35

Вопросы средневековой истории Казахстана в материалах архива А.Х. Маргулана

К. Аканов
Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье проводится анализ документов из личного фонда академика А.Х. Маргулана, хранящегося в Национальном архиве Республики Казахстан (НА РК) по одному из важных направлений его многогранного научного наследия – истории средневекового Казахстана и Казахского ханства. Источниковой базой исследования являются фонды архивов, где хранились дела, связанные с научной деятельностью А.Х. Маргулана. Основное внимание в работе уделено источниковедческому анализу фондов личного архива А.Х. Маргулана в Национальном архиве Республики Казахстан (НА РК). Кроме того, привлечены некоторые материалы, отложившиеся в Центральном государственном архиве РК (ЦГА РК). В качестве методологического инструментария использовались принцип историзма, метод ретроспективного анализа и сравнительно-исторический метод. На основе изучения архивных дел освещаются исследования ученого, касающиеся исторической персоналистики (эмир Едиге, хан Тохтамыш, Ураз-Мухаммед, казахские ханы и бии), генеалогии чингизидов, а также эпиграфики и архитектурных памятников (мавзолеи Джучи-хана, Алаша-хана, Аяк-камыр, городище Ботогай). Особо подчеркивается роль академика А.Х. Маргулана в выявлении рукописных источников, изучении наследия Ч.Ч. Валиханова, доказательстве наличия оседло-городской и земледельческой культуры у предков казахов и переосмыслении этапов формирования казахской государственности и родоплеменных объединений. Выявлены сосредоточенные в личном фонде академика произведений народного фольклора как источника сведений о видных деятелях золотоордынской эпохи (Едиге, Тохтамыш); данные по средневековой архитектуре городов и надмогильных сооружений, данные о библиотеке Ураз-Мухаммеда, материалы русских востоковедов по истории степных народов. Рукописи и архивные документы, собранные в личном фонде А. Х. Маргулана, являются ценным источником по истории средневекового Казахстана, потенциал которого в полной мере не изучен в современной науке. Введение в научный оборот материалов фонда видного казахского ученого должно способствовать наиболее глубокому изучению истории Казахского ханства, его видных личностей, археологических и культурных памятников средневековой эпохи. Проблемы, поднятые ученым – от локализации средневековых городов до датировки основания Казахского ханства, сохраняют высокую научную актуальность и служат источниковедческой базой для современных историков. Кроме того, материалы личного фонда академика А. Х. Маргулана служат ценным источником по истории казахстанской медиевистики: анализ рукописей, черновиков и конспектов помогает раскрыть "лабораторию историка", что вносит существенный вклад в развитие интеллектуальной истории Казахстана и исторической науки в целом.

Ключевые слова: Маргулан; история Казахстана; этнополитическая история; казахи, средневековый Казахстан; Казахское ханство; историография; источниковедение

Ә.Х. Марғұланның архив материалдарындағы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мәселелері

Қ. Ақанов

Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде (ҚР ҰА) сақталған академик Ә.Х. Марғұланның жеке қорындағы құжаттар оның сан қырлы ғылыми мұрасының маңызды бағыттарының бірі – ортағасырлық Қазақстан мен Қазақхандығы тарихы тұрғысынан талданады. Зерттеудің деректік негізін Ә.Х. Марғұланның ғылыми қызметіне қатысты істер сақталған архив қорлары құрайды. Негізгі назар Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіндегі (ҚР ҰА) Ә.Х. Марғұланның жеке архив қорларын деректанулық тұрғыдан талдауға аударылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде (ҚР ОМА) сақталған жекелеген материалдар да пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде тарихилық қағидаты, ретроспективалық талдау әдісі және салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Архив істерін зерделеу негізінде ғалымның тарихи тұлғатануға қатысты зерттеулері, соның ішінде Едіге әмір, Тоқтамыс хан, Ораз-Мұхаммед, қазақ хандары мен билері туралы еңбектері, Шыңғыс ұрпақтарының генеалогиясына арналған ізденістері, сондай-ақ эпиграфика мен сәулет ескерткіштеріне қатысты зерттеулері қарастырылады. Олардың қатарында Жошы хан, Алаша хан кесенелері, Аяққамыр ескерткіші және Бытығай қалашығы бар. Академик Ә.Х. Марғұланның қолжазба деректерді анықтау, Ш.Ш. Уәлиханов мұрасын зерттеу, қазақтардың арғы ата-бабалары арасында отырықшы-қалалық және егіншілік мәдениетінің болғанын дәлелдеу, сондай-ақ қазақ мемлекеттілігі мен ру-тайпалық бірлестіктерінің қалыптасу кезеңдерін жаңаша пайымдаудағы рөлі ерекше атап көрсетіледі. Академиктің жеке қорынан Алтын Орда дәуірінің көрнекті тұлғалары – Едіге мен Тоқтамыс туралы мәлімет беретін халық ауыз әдебиеті үлгілері, ортағасырлық қалалар сәулеті мен жерлеу құрылыстарына қатысты деректер, Ораз-Мұхаммедтің кітапханасы туралы мәліметтер, сондай-ақ дала халықтарының тарихына арналған орыс шығыстанушыларының еңбектері анықталды. Ә.Х. Марғұланның жеке қорында жинақталған қолжазбалар мен архив құжаттары ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеудегі аса құнды дерек көзі болып табылады. Алайда олардың ғылыми әлеуеті қазіргі зерттеулерде әлі толық игерілген жоқ. Көрнекті қазақ ғалымының жеке қор материалдарын ғылыми айналымға енгізу Қазақ хандығының тарихын, оның белгілі тұлғаларын, сондай-ақ ортағасырлық археологиялық және мәдени ескерткіштерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Ғалым көтерген мәселелер – ортағасырлық қалалардың орналасуын анықтаудан бастап Қазақ хандығының құрылған уақытын межелеуге дейін – бүгінгі күні де ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ және қазіргі тарихшылар үшін маңызды деректанулық негіз болып қала береді. Сонымен қатар академик Ә.Х. Марғұланның жеке қоры Қазақстан медиевистикасының тарихын зерттеуде де құнды дерек болып саналады. Қолжазбалар мен конспектілерді талдау тарихшының шығармашылық және зерттеушілік үдерісін, яғни оның ғылыми "зертханасын" ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның зияткерлік тарихын және жалпы тарих ғылымының даму жолдарын зерделеуге елеулі үлес қосады.

Түйін сөздер: Марғұлан; Қазақстан тарихы; этносаяси тарих; қазақтар; ортағасырлық Қазақстан; Қазақ хандығы; тарихнама; деректану

Сілтеме жасау үшін: Ақанов Қ. Ә.Х. Марғұлан архиві материалдарындағы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мәселелері. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp. 21-35. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.21.35

Кіріспе

12026 жылы Қазақстан тарихы, археологиясы мен этнографиясының бірқатар мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосқан көрнекті қазақ ғалымы, тарихшы, этнограф, археолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) (1958) Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына 122 жыл толды. 1943 жылы "Жарлықтар мен пайзалардың тарихи маңызы" тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 1945 жылы "Қазақ халқының эпикалық жырлары" тақырыбында филология ғылымдары бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Кейін Ә.Х. Марғұлан ұзақ жылдар бойы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында еңбек етті. 1960 жылы оған профессор атағы, ал бір жылдан кейін Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді. Ғылыми қызметі үшін ол бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, ордендермен және медальдармен марапатталды. Соның ішінде К. А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, А.М. Оразбаевпен бірлесіп дайындалған "Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті" атты ұжымдық монографиясы үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды (1967), сондай-ақ Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды (Маргулан 1984).

Белгілі кеңестік археолог ғалымдар М.Е. Массон мен Ә.Х. Марғұланның 1950-1980 жылдар аралығындағы ұзақ мерзімді хат алмасуының жариялануы да айрықша қызығушылық тудырады. Бұл хаттарда Қазақ хандығының тарихы мен жалпы ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты бірқатар мәселелер қарастырылады. Олардың қатарында К.А. Ақышев басқарған Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдастырылардан аз уақыт бұрын М.Е. Массонның "Ескі Мерв" кітабымен танысу; Қазақстанның археологиялық картасын баспаға дайындау (28 желтоқсан, 1960 ж.); С.П. Толстовтың археологиялық экспедициясына қатысу және исламға дейінгі кезеңге жататын қалашықтарды аралау (2 қараша, 1969 ж.); бір кездері қазақ ханы Хақназар мен оның ұрпақтары билеген Ташкенттегі пантеондарда орналасқан XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының көрнекті тұлғаларының кесенелерін зерттеуге қатысты материалдарды жариялауға қызығушылық таныту мәселелері бар (Абдухаимов 2018: 79-84).

Сонымен қатар Ә. Марғұланның 1976-1979 жылдары "Қазақ КСР тарихын (көне заманнан бүгінге дейін)" дайындау жұмысына қатысқанын да атап өткен жөн. Жарық көрген еңбек республика ішінде оң пікірлер алғанымен, Мәскеудегі цензура өкілдерінің, соның ішінде М. Морозовтың тарапынан елеулі сынға ұшырап, авторлардан бірқатар тұжырымдарды қайта қарау және еңбекті қайта басып шығару талап етілді. Алайда Ә. Марғұлан КСРО Ғылым академиясының Тарих институты Ғылыми кеңесінің отырысында өз ұстанымын дәйекті түрде қорғап, қазақтар тарихына біржақты көзқарастың бар екенін және осы ғылыми бағыттағы көптеген түйінді мәселелердің әлі де жеткілікті зерттелмегенін терең пайымдайтынын көрсетті. Ә. Х. Марғұлан Сырдария бойы мен

Орталық Қазақстанда өмір сүрген көшпелі қауымдарда қалалық мәдениеттің болғанын, Батыс Қазақстан тұрғындарының егіншілік дағдыларын меңгергенін дәлелдейтін салмақты деректер келтірді. Сондай-ақ қазақтарда жазу мәдениеті тек XIX ғасырда ғана пайда болды деген пікірдің қате екенін көрсетті (Жумашев 2023: 35-43; Жумашев 2024: 124-138).

Ұзақ жылдарға созылған ғылыми қызметі барысында Ә. Х. Марғұлан отандық тарих ғылымының көптеген бағыттарында еңбек ететін зерттеушілер үшін құнды дерек болып табылатын мол ғылыми мұра қалдырды. Сол бағыттардың бірі – ортағасырлық Қазақстан және тікелей Қазақ хандығы тарихын зерттеу. Алайда Ә. Х. Марғұлан мұрасын қарастырған зерттеушілер бұл мәселені әлі де жеткілікті дәрежеде зерделей қойған жоқ. Ғалым көптеген ғылыми еңбек жазды. Бұған дейін аталған ұжымдық монографиядан бөлек, зерттеушілер оның ірі еңбектерінің қатарына "Едіге тарихта және аңыздарда" (1944 ж.), "Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан" (1950 ж.), "Қазақстан архитектурасы" (1959 ж.) (Т. Бәсенов және М. Меңдіқұловпен бірлесіп), "Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті" (1979 ж.), "Ежелгі эпикалық жырлар" (1985 ж.), "Ежелгі қазақ тайпалары, олардың бірлестіктерінің тарихы және Қазақ хандығының құрылуы" (2012 ж.) және басқа да еңбектерін жатқызады.

Ә. Марғұлан Ш.Ш. Уәлиханов шығармаларының бес томдық академиялық жинағын шығаруға жетекшілік етті (1957-1967 жж.) және осы басылымға қажетті архив материалдарын жинауға өзі де тікелей қатысты. Ол XIX ғасырдағы ұлы қазақ ғалымының көптеген қолжазбалары мен жазбаларынан "Жағатай ордасы" (Шағатай ұлысы), Алтын Орда, Ноғай Ордасы туралы мәліметтерді іріктеп алды. Ш. Ш. Уәлихановтың шығыс жылнамашыларының қолжазба кітаптарынан Шыңғыс ұрпақтарының генеалогиясына, олардың ұлыстары мен аумақтарына қатысты жасаған көшірмелерін зерделеу арқылы Ә. Х. Марғұлан ортағасырлық Қазақстанның сан қырлы тарихының әртүрлі бағыттарына қызығушылық танытқанын да байқатты (Валиханов 1984: 275-276; Валиханов 1985: 17-20).

Ә. Марғұлан бұл еңбектерінде ортағасырлық Қазақстан тарихына әр қырынан қатысты көптеген мәселелерді бірнеше рет көтерді. Зерттеушілер оның Мұхаммед Хайдар Дулати, Едіге әмір, Алтын Орда ханы Тоқтамыс, қазақ хандары Тәуке мен Абылай, олардың замандасы әрі серігі Төле би, сондай-ақ қазақтың соңғы ханы әрі жалпыұлттық қозғалыстың жетекшісі Кенесары сияқты ортағасырлық және кейінгі кезеңдердегі тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге ерекше қызығушылық танытқанын атап көрсетеді. Ғалым өз еңбектерінде түрлі себептермен толық зерттелмей, ақтаңдақ күйінде қалған Қазақстан тарихының бірқатар ғылыми бағыттарын қарастырды. Сонымен қатар Ә.Х. Марғұлан Мұхаммед Хайдар Дулати, Рашид ад-Дин Фазлуллах Хамадани, Қадырғали Жалайыри және басқа да көптеген авторлардың шығыс қолжазба еңбектерін зерттеуге айрықша назар аударған (Baqytuly 2021: 22-23; Жумашев 2023: 37).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық Қазақстан мен Қазақ хандығының тарихына арналған жарияланған еңбектері мен архивтерде сақталған қолжазбалары пайдаланылды. Ең алдымен, ғалымның Қазақстан мен Ресей архив мекемелерінің қорларында сақталған еңбектеріне назар аударылды. Бүгінде ғалымның көпжылдық ғылыми қызметі барысында жинақталған материалдары Қазақстанның бірнеше архивінде

сақтаулы. Солардың бір бөлігі Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде (ҚР ОМА) орналасқан.

Академик Ә.Х. Марғұланның архивтік мұрасының ірі жинақтарының бірі және осы зерттеудің негізгі деректік базасы Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде (ҚР ҰА) сақталған. Ә.Х. Марғұланның және оның әріптестерінің ғылыми қызметіне қатысты материалдар ғалымның жеке қорына жинақталған.

Зерттеуде пайдаланылған тарихнамалық және деректанулық материалдар тарихи білім типологиясы тұрғысынан ғылыми бағыттағы деректер қатарына жатады. Ә.Х. Марғұлан еңбектерін тарихнамалық тұрғыдан талдауда тарихилық қағидаты басшылыққа алынды. Бұл тәсіл ғалымның Қазақ хандығы тарихына арналған зерттеулерінің мазмұнын ғана емес, ортағасырлық тарихтың өзге де мәселелерін кешенді түрде қарастыру қажеттілігінен туындайды. Сонымен қатар белгілі бір объективті себептерге байланысты жеткілікті дәрежеде зерттелмей қалған мәселелерді анықтау үшін ретроспективалық талдау әдісі қолданылды. Ә.Х. Марғұлан еңбектерін Қазақ хандығы тарихымен тығыз байланысты бағыттарда зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын салыстыра қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды.

Мазмұны аса бай материалдардың едәуір бөлігі ҚР ҰА-ның 195-қорында – "Ә.Х. Марғұланның жеке қоры (1904-1985)" сақталған. Бұл қорда академиктің тарих ғылымының әртүрлі бағыттары бойынша, соның ішінде Қазақ хандығы мен жалпы ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жинаған құжаттары қамтылған. Қор бір тізімдемеден тұрады, оның құрамында 149 іс және 488 парақ бар. Архив қорына жинақталған құжаттар 1746-1998 жылдар аралығын қамтиды.

ҚР ОМА қорларының ішінде 829-қорды ерекше атап өтуге болады. Онда Ә.Х. Марғұлан бастаған зерттеушілер тобы көрнекті қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың өмірбаяны мен ғылыми қызметіне қатысты жинаған құжаттар сақталған. Бұл материалдардың басым бөлігі Санкт-Петербург қаласының архивтерінен анықталған. Қорда 35 іс бар, ондағы құжаттардың көпшілігі XIX ғасырдың орта шеніне жатады. Қордың жекелеген істерінде ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты құнды мәліметтер кездеседі. Солардың бірі – 17-іс. Онда әртүрлі кітаптардан жасалған үзінділер, соның ішінде отандық тарих үшін аса маңызды "Тарих-и Рашиди" еңбегінен алынған жазбалар бар. Бұл материалдарда Қазақ хандығының құрылу тарихы мен қазақ хандарының генеалогиясына қатысты көптеген құнды мәліметтер қарастырылған[1]. Сондай-ақ 23-істе өзге де материалдармен қатар моңғолдардың жаулап алулары мен олардың құрған мемлекеттері көрсетілген карта сақталған[2].

Зерттеуде пайдаланылған тарихнамалық және деректанулық материалдар тарихи білім типологиясы тұрғысынан ғылыми бағыттағы деректер қатарына жатады. Ә. Х. Марғұлан еңбектерін тарихнамалық талдауда тарихилық қағидаты негізге алынды. Бұл ғалымның Қазақ хандығы тарихына арналған зерттеулерінің мазмұнын ғана емес, ортағасырлық тарихтың басқа да мәселелерін зерделеу қажеттілігімен байланысты. Сонымен қатар белгілі бір объективті себептермен тиісті деңгейде зерттелмей қалған мәселелерді анықтау үшін ретроспективалық талдау әдісі қолданылды. Ал Ә.Х. Марғұлан еңбектерін Қазақ хандығы тарихымен тығыз байланысты бағыттарда зерттеген ғалымдардың жұмыстарын салыстырып қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Ә.Х. Марғұлан артына мол ғылыми мұра қалдырды. Ғалым жинақтаған архив материалдары мен ғылыми еңбектерінің қолжазбалары Қазақстан ғылымының әртүрлі бағыттарында еңбек ететін зерттеушілердің назарын аударып келеді. Академик Марғұланның тұлғасы мен ғылыми қызметіне арналған алғашқы кәсіби өмірбаяндық жарияланымдар ғалымның көзі тірісінде-ақ, 1980-жылдардың ортасында жарық көре бастады. 1984 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының тапсырысы бойынша қазақстандық ғалымдардың библиографиялық сериясы аясында оның өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін қамтитын көрсеткіш жарияланды. Басылымға ғалымның педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк, ол туралы еңбектердің тізімі, 80 жылдық мерейтойына орай жарық көрген мақалалар және еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші енгізілді. Қысқаша өмірбаяндық очерктің авторлары кәсіби тарихшылар Х.А. Арғынбаев пен Н. Э. Масанов болды (Аргынбаев 1984: 21-28).

Әлкей Хақанұлының қызы Д.А. Марғұланның мақалаларын да жеке атап өткен жөн. Ол 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында жарық көрген белгілі қазақ және кеңес тарихшысы әрі археологының шығармалар жинақтарында бірқатар өмірбаяндық мақалалар жариялады (Маргулан 1998: 8-14). Бұл жинақтардың басым бөлігі мемлекеттік бағдарламалар аясында дайындалды. Осы бағдарламалар негізінде Ә.Х. Марғұлан шығармаларының 14 томдық жинағы жарық көрді (Маргулан 2018: 44-45).

Зерттеушілердің назарын Ә.Х. Марғұланның "Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан" атты монографиясы да аударады. Бұл еңбегінде ғалым қазақтардың арғы ата-бабалары тек көшпелі өмір салтын ұстанған халық болмағанын, олардың отырықшы шаруашылықпен де етене байланыста болғанын көрсетуге ұмтылды. Сонымен қатар Сырдария бойындағы қалалардың қазақтардың арғы ата-бабаларының тарихымен сабақтастығын және бұл қалалардың қаңлы, оғыз, қыпшақ қауымдарының тарихи дамуымен тығыз байланысты болғанын дәйекті түрде негіздеді (Аманжолова 2018: 26).

Д.А. Марғұланның "Ежелгі қазақ тайпалары, олардың бірлестіктерінің тарихы және Қазақ хандығының құрылуы" атты еңбекке арналған мақаласы да назар аударуға тұрарлық. Бұл зерттеу ортақ тарихи өткенге ие, біртұтас этносқа ұйысуға ұмтылған ежелгі протоқазақ тайпалары мен рулардың қалыптасу үдерісін қарастыруға арналған. Еңбекте ерте орта ғасырларда "Үш жүз", моңғол дәуіріне дейінгі кезеңде "Алаш" сияқты ру-тайпалық бірлестіктердің қалыптасуы сөз болып, Қазақ хандығы туыстас протоқазақ руларының бірігу үдерісінің қорытынды кезеңі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ 1467 жылы Сарысу өзені маңында үш жүз құрамындағы бірқатар қазақ тайпалары өкілдерінің бас қосуы туралы маңызды, алайда аз зерттелген оқиға айтылады. Автор бұл жиында біртұтас бірлестік – қазақ халқының құрылғаны жарияланғанын Тамғалы тас өңіріндегі тасқа қашалған жазумен байланыстырады (Маргулан 2018: 43-44).

Нәтижелер

Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты ғылыми қызығушылықтарының аясы өте кең болғанын атап өткен жөн. Оның еңбектерінің ішінде

Едіге әмірдің тұлғасына, жарлықтар мен пайзаларды зерттеуге арналған жұмыстар, ортағасырлық қалашықтарды зерттеген экспедициялар материалдары, сондай-ақ Орта Азияның ортағасырлық қалалары сәулетіне қатысты зерттеулер бар. Зерттеушілер әсіресе Ә.Х. Марғұланның 1943 жылы сәтті қорғаған жарлықтар мен пайзаларды зерттеуге арналған кандидаттық диссертациясын ерекше атап көрсетеді. Осы тақырыпты зерттеу барысында ғалым Орталық Азияның түркітілдес халықтарының тарихын терең зерделеді. Олардың көпшілігі кейін Қазақ хандығының құрамына еніп, қазақ халқының этногенезіне қатысты тарихи үдерістерге қатысқаны белгілі (Маргулан 1998: 8-14). Сол жылы М. Әбдіқалықова мен А. Панкратованың редакциясымен "Қазақ КСР тарихы" жарық көрді. Бұл еңбекті дайындауға Ә. Х. Марғұлан да қатысты (История Казахской ССР 1943: 2).

Ә.Х. Марғұланның өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеушілер ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты маңызды бағыттардың бірі ретінде ортағасырлық қалашықтар мен сәулет ескерткіштерін зерттеу ісін атап көрсетеді. 1940-жылдардан бастап Ә. Х. Марғұлан бірқатар археологиялық және этнографиялық экспедицияларға қатысып, олардың барысында Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Талас және Шу өзендері алабында орналасқан көптеген ежелгі және ортағасырлық қалалардың іздері анықталды. Зерттеушілер Ә.Х. Марғұланның сәулет тарихына арналған, ғалымның көзі тірісінде аяқталмай қалған монографиялық еңбегін де ерекше атайды. Оның құрамында ортағасырлық Қазақстан тарихына тікелей қатысты "Исламға дейінгі сәулет", "Ортағасырлық Қазақстан сәулеті", "Кейінгі орта ғасырлар сәулеті" атты тараулар болған. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын және этнография бөлімін басқара жүріп, Ә. Х. Марғұлан бірқатар мамандарды даярлады. Олардың арасында ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеген С.М. Ақынжанов, М.С. Мұқанов, Ф. Арсланова және басқа да ғалымдар болды (Маргулан 1998: 8-14).

Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық Қазақстан мен Қазақ хандығы тарихына айрықша қызығушылық танытқанын бірнеше архивте сақталған, Қазақстан тарихының түрлі мәселелеріне арналған құнды қолжазба материалдары да айғақтайды.

Жоғарыда атап өтілгендей, ғалымның ғылыми қызығушылықтарының маңызды бағыттарының бірі көрнекті тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу болды. Солардың қатарында Алтын Орда әмірі Едіге тұлғасы ерекше орын алады. Оны зерттеу "Қазақ КСР тарихының" Алтын Орда тарихына арналған бөлімін дайындау барысында, сондай-ақ жеке зерттеу еңбегі аясында жүргізілді. Ә.Х. Марғұланның өмірбаянын зерттеушілер Едіге әмірге қатысты зерттеулерді ғалым өміріндегі кеңестік цензураның қысымына ұшыраған маңызды кезеңмен байланыстырады. Бұл кезеңде Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы қайраткерлерін дәріптеуге қарсы идеологиялық күрес жүргізілген болатын (Жумашев 2023: 40). Едіге тұлғасына қатысты құжаттар архив қорындағы 5-ші істің материалдарында да кездеседі. Онда орыс зерттеушілері жинаған фольклорлық материалдар, соның ішінде Г.Н. Потанин жазып алған "Едіге туралы түркі ертегісі" атты ертегі нұсқалары[3] және П. Мелиоранскийдің "Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз" атты мақаласы[4] сақталған.

14-ші істегі материалдарды да атап өткен жөн. Онда ортағасырлық дәуірдің көрнекті тарихи тұлғаларына қатысты жерлеу құрылыстары, соның ішінде Жошы хан мен Алаша хан кесенелері туралы мәліметтер қысқаша жазбалар түрінде жинақталған. Сонымен

қатар ортағасырлық сәулет ескерткіштері мен қалалар жөніндегі деректер қамтылған. Алаша хан кесенесіне қатысты Ә. Х. Марғұлан оның безендірілуі жағынан 1906 жылы Тараз қаласының маңында салынған Қарахан кесенесіне ұқсастығын атап көрсетіп, Қарахан дәуіріне тән бірнеше белгіні ажыратады: өрнекті қалау тәсілдері, сырланбаған қыш тақташалар, сегіз қырлы жұлдыз бейнеленген өрнекті тақталар және жылтыр қаптама тақташалар. Ғалымның жазбаларында Алаша хан кесенесінде бейнеленген таңбаларға түсініктемелер беріліп, қият, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы руларының, сондай-ақ бірнеше оғыз тайпасының таңбалары сипатталған.

Бұл істе жекелеген қалашықтар туралы да мәліметтер бар. Солардың бірі – XI-XII ғасырларда Орта Азиядағы сауда байланыстары жүйесінде маңызды орын алған Бытығай қалашығы. Сондай-ақ Жошы кесенесін тұрғызуға пайдаланылған кірпіш ерітіндісіне бие сүті қосылғаны туралы мәліметтер келтірілген газет қиындылары сақталған. Қазіргі зерттеулер ескерткіш қабырғаларындағы кірпіш құрамында шамамен 5 пайыз органикалық зат болғанын анықтаған. Мұндай қоспа құрылыстың беріктігін арттыруға ықпал еткен. Бұл деректер Ә. Х. Марғұланның Шыңғыс ханның үлкен ұлына арналған жерлеу құрылысының салыну тарихына және оған қатысты аңыздарға қызығушылық танытқанын көрсетеді. Сол аңыздардың бірінде кесене құрылысына сүті пайдаланылуы үшін бес мың сауынды бие айдап әкелінгені айтылады. Қазіргі Жезқазған қаласына жақын орналасқан кесене көлемді текше пішінде салынған, ал оның қабырғалары айқын геометриялық өрнектері бар үлкен кілемдерді елестеткен[5]. Ғалым Кеңгір өзені маңындағы Жошы кесенесіне де сипаттама береді. Оның жазбасында кесененің қос қабатты күмбезі болғаны, жоғарғы бөлігінің қирағаны және ішкі жағында терең аркалар орналасқаны көрсетілген[6].

Осы істегі тағы бір қызықты материал – оғыз-қыпшақ дәуіріне жататын Аяққамыр кесенесі. Ә.Х. Марғұланның жазбалары бойынша, кесене орталық күмбезді құрылыс болған, алайда оның күмбезі уақыт өте қираған. Іргетасы ірі тас тақталардан қаланып, арасына ені 1,2 метр болатын екі қатар тас белдеу салынған, ал қалау қалыңдығы 1,20-1,25 метрді құраған. Ғалым кесененің сүйір арка ішіне орналастырылған тікбұрышты есіктері болғанын да атап өтеді. Оның жазбасына сәйкес, пантеонның алдыңғы бөлігінде 3,3 метр биіктікте осындай белдеу қайта салынған, бірақ бұл жолы қалау құрылымын бекітуге негізделген өзге тәсіл қолданылған[7].

Осы 14-ші істе Ә.Х. Марғұланның Бытығай ортағасырлық қалашығына берген қызықты сипаттамасы да кездеседі. Қалашықта археологиялық қазба жұмыстары қазіргі кезеңде де жалғасып келеді (Сакенов 2021: 134-147), бұл ғалым көтерген мәселелердің әлі де өзектілігін сақтап отырғанын көрсетеді. Н.П. Рычковтың Нұра өзенінің сағасынан 30 шақырымдай жерде "үлкен қаланың" қирандылары болғаны туралы деректеріне сүйене отырып, Ә.Х. Марғұлан бұл нысанның орналасуын аталған жерден шамамен 10 шақырым қашықтықтан анықтайды. Онда төртбұрышты құрылыстардың, мешіттің және бірнеше тас ғимарат қалдықтарының болғаны тіркелген. Н.П. Рычков еңбектерінен Ә.Х. Марғұлан жергілікті қазақтардың қалашық аумағында ноғайлар тұрғаны туралы мәліметтерін де анықтаған. Сонымен қатар ол А.И. Левшин мен И.П. Шангиннің сипаттамаларын пайдаланып, қалашықтың орналасқан орнын дәлірек анықтауға ұмтылған[8].

Ортағасырлық тарихқа қатысты тағы бір құнды архив материалы ретінде 24-ші істі атауға болады. Онда Ораз-Мұхаммедтің кітапханасы туралы мақаланың

қолжазбасы сақталған. Қолжазба мәтіні Ә.Х. Марғұланның XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басындағы көрнекті саяси тұлға Ораз-Мұхаммедке айрықша қызығушылық танытқанын көрсетеді. Қазақ ханы Тәуекелдің жақын туысы әрі Қасым хандығының билеушісі болған Ораз-Мұхаммед Русь мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы елшілік байланыстардың қалыптасуында маңызды рөл атқарды (Лапин 2021: 65-75). Ә.Х. Марғұлан Ораз-Мұхаммедке тиесілі сандықтың ішіндегі мұралардың құндылығын сипаттай отырып, онда қазақ билеушілерінің генеалогиясына қатысты көптеген бағалы мәліметтер сақталған деп пайымдайды. Қазақ тілінде жазылған мақала қолжазбасында Ораз-Мұхаммедтің кітаптары мен өзге де жазба еңбектері күміс сандықта сақталғаны, ал ол қайтыс болғаннан кейін сандық патша архивіне өткізіліп, XVII-XVIII ғасырларда сол жерде тұрғаны айтылады. 1736 жылы сандық Ғылым академиясының иелігіне өтіп, кейін Азия музейі экспозициясының құрамына енген. Сандықтағы құнды мұралардың қатарында "Қасым патша тұсындағы қазақ кітаптары мен (поэмалар) тізімдері", қазақ билеушілерінің шежіресі аталады. Академиктің пікірінше, бұл шежірені Ораз-Мұхаммедтің өзі құрастырған болуы мүмкін[9].

35-ші істе сақталған И.Н. Березин мақаласының қолжазбасында да маңызды мәліметтер мол. Бұл материал Ә.Х. Марғұланның орыс шығыстанушыларының қолжазбаларына және олардың дала халықтарының тарихына қатысты деректеріне қызығушылық танытқанын көрсетеді. Мақалада қырғыздар (мәтінде – "киргизы"), хакастар, қазақтар және басқа да халықтардың тарихына қатысты энциклопедиялық сипаттағы құнды мәліметтер берілген. Қазақ халқы мен оның билеушілерінің тарихына арналған бөлім ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда Қазақстан тарихы үшін бүгінгі күні де өзекті болып отырған бірқатар мәселелер қарастырылады. Олардың қатарында Қазақ хандығының құрылуы, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы, жекелеген билеушілердің қызметіне берілген сипаттамалар, олардың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесі мен тарихи маңызы бар. Қолжазба материалдары XIX ғасырдың көрнекті зерттеушілері В. В. Вельяминов-Зернов, А. И. Левшин, Ш. Ш. Уәлиханов және басқа да ғалымдардың еңбектеріне негізделген.10

Талқылау

Д.А. Марғұлан болашақ ғалымның Қазақ хандығы тарихымен және ортағасырлық Қазақстан тарихының әртүрлі мәселелерімен алғаш танысуы бала кезінен басталып, кейін өмір бойы түрлі кезеңдерде жалғасқанын атап көрсетеді. Ә.Х. Марғұланның өмірбаяндық деректеріне қарағанда, оның ортағасырлық Қазақстан тарихына қызығушылығы отбасынан бастау алған. Әкесі Хақан далаға белгілі Олжабай батырдың ұрпағы болған. Олжабай батыр Абылай ханның қол астында Қазақстан даласын көршілес халықтардың жорықтарынан қорғауға қатысқан. Бес жасынан бастап кішкентай Әлкей "Қобыланды батыр", "Алпамыс" және басқа да қазақ халық эпостарымен танысқан. Бұл жырларда ортағасырлық кезеңге қатысты белгілі бір көлемде фольклорлық мәліметтер сақталған еді. Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық Қазақстан тарихымен тереңірек танысуы Ленинград университетінің Шығыс институтының әдебиет факультетінде (қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) білім алған кезеңімен байланысты. Мұнда ол негізгі оқуымен қатар В. В. Бартольд, Н. Я. Марр, В В. Струве, С.И. Руденко, А.Ю.

Якубовский, Г.Е. Грум-Гржимайло және басқа да ғалым-медиевистердің дәрістеріне қатысқан (Маргулан 1998: 8-9).

Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасын зерттеуге арналған бірқатар мақалалар "Қазақстан археологиясы" журналында жарық көрді. Олардың едәуір бөлігі соңғы 5-6 жыл ішінде жарияланған. Солардың ішінде А.М. Манапованың мақаласын атап өтуге болады. Автор өмірбаяндық деректермен қатар Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық Қазақстан тарихының мәселелерін зерттеген ғалымдармен ғылыми байланыстарын қарастырған. Олардың қатарында Түрік қағанаты тарихының маманы Л. Р. Қызласов, қыпшақтар мен ортағасырлық дала көшпелілерінің тарихын зерттеген көрнекті ғалымдар Б.Е. Көмеков пен С.М. Ақынжанов және басқалар бар (Манапова 2018: 48-58).

Сонымен қатар М.В. Бедельбаеваның көрнекті қазақстандық ғалым Қ. И. Сәтбаевтың ғылыми мұрасына арналған мақаласын да атап өткен жөн. Бұл еңбекте белгілі кеңестік геологтың ғылымға қосқан үлесімен қатар Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық антропоморфты балбалдарды, Алтын Орда әмірі Едігенің тұлғасын және Орталық Қазақстанды археологиялық тұрғыдан зерттеуге арналған еңбектері де қарастырылған (Бедельбаева 2019: 90).

Тарихнамалық зерттеулерде Едіге есімі Ә.Х. Марғұланның кеңестік ғылымдағы партиялық-идеологиялық қысым мен сынға ұшыраған кезеңімен байланыстырылады. А.С. Шакиева, Р.М. Жумашев, А.Ж. Мырзахметов, Д. С. Қожабеков еңбектерінде Алтын Орда мемлекеті мен Ноғай Ордасы тарихындағы Едіге әмірдің қызметін оң бағалаған қазақ ғалымдарының еңбектеріне сын айтқан жекелеген кеңестік зерттеушілердің пікірлері жан-жақты қарастырылады (Шакиева 2023: 227-228; Жумашев 2023: 40). Сонымен бірге қазақстандық ғалымдарды Алтын Орда тарихы мен Едіге әмір сияқты тұлғалардың тарихи рөліне қатысты көзқарастарын қайта қарауға мәжбүрлеуге бағытталған қысым тетіктері де сипатталады.

А.С. Шакиева Ә.Х. Марғұланға өз қателіктерін мойындап, қазақ фольклорының деректеріне, соның ішінде "Едіге туралы поэмаларға" сын көзбен қарауға уәде беруге тура келгенін атап көрсетеді (Шакиева 2023: 227-228). Алайда басқа зерттеушілер 1945 жылдың мамыр айының ортасында өткен КСРО Ғылым академиясы Тарих институты Ғылыми кеңесінің отырысы материалдарына сүйене отырып, Ә. Х. Марғұланның өз ғылыми ұстанымдарын қаншалықты дәйекті қорғағанын көрсетеді. Отырыстың стенограммасында Ә. Х. Марғұлан бірқатар әріптестерінің қазақ тарихына біржақты қарағанын, шығыс тілдерінде жазылған деректерді білмеудің салдарынан көптеген мәселелердің мәнін толық түсінбегенін атап көрсеткен (Жумашев 2023: 39).

Қорытынды

Осылайша, Ә. Х. Марғұланның жеке қорындағы (195 қор) құжаттарға қатысты бірнеше тұжырым жасауға болады. Қорда ортағасырлық Қазақстан тарихына байланысты құнды материалдар жинақталған және оларды зерттеу Ә. Х. Марғұланның ғылыми мұрасына деректанулық талдау жүргізу үшін аса маңызды.

Қор материалдарының негізгі бағыттары ретінде Алтын Орда әмірі Едігенің халық аңыздары мен жырларындағы бейнесін; ортағасырлық кесенелер мен қала орындары түріндегі сәулет ескерткіштерін; Ораз-Мұхаммедтің кітапханасы мен оның қазақ-орыс

қатынастарындағы тарихи тұлғасын; қазақ халқының, жекелеген ру-тайпалардың және Қазақ хандығының тарихына қатысты энциклопедиялық сипаттағы мәліметтерді және басқа да бірқатар тақырыптарды атауға болады.

Ә.Х. Марғұланның еңбектері кеңестік кезеңдегі ортағасырлық Қазақстан тарихы жөніндегі ғылыми білімнің деңгейі мен зерттеу бағыттарын көрсететін маңызды тарихнамалық дерек болып табылады. Сонымен қатар ғалым көтерген көптеген мәселелер бүгінгі зерттеушілер үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ және оларды алдағы уақытта терең әрі кешенді түрде зерделеу қажет.

Acknowledgements

The author expresses their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Автор мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Автор благодарит за научно-редакторское сопровождение статьи

Ескертпелер

1. ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві). Әртүрлі кітаптардан алынған үзінділер. Қ. 829, тізбе 1, іс 17, п. 1-2.
2. ҚР ОМА. Моңғол жаулап алуларын түсіндіруге арналған карта. ҚР ОМА. Қ. 829, тізбе 1, іс 23, п. 12.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві (ҚР ҰА). Г.Н. Потанин. "Едіге туралы түркі ертегісі". Қ. 195, тізбе 1, іс 5, п. 3-15.
4. ҚР ҰА. П. Мелиоранский. "Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз". Қ. 195, тізбе 1, іс 5, п. 16-25.
5. ҚР ҰА. Алаша хан. Қ. 195, тізбе 1, іс 14, п. 1-32.
6. ҚР ҰА. Жошы хан кесенесі. Қ. 195, тізбе 1, іс 14, п. 43-54.
7. ҚР ҰА. Аяққамыр. Қ. 195, тізбе 1, іс 14, п. 33-34.
8. ҚР ҰА. Бытығай. Қ. 195, тізбе 1, іс 14, п. 4-6.
9. ҚР ҰА. Ораз-Мұхаммедтің кітапханасы. Қ. 195, тізбе 1, іс 24, п. 30-49.
10. ҚР ҰА. Қырғыздар (қазақтар). Қ. 195, тізбе 1, іс 35, п. 35-48.

Әдебиеттер тізімі

Абдухаимов Е.Ф. Переписка патриарха среднеазиатской археологии М.Е. Массона с академиком А.Х. Маргуланом. *Вестник науки Южного Казахстана.* 2018. Т. 2, no.2, с. 79-84.

Аманжолова К.Б. Личная библиотека академика А. Маргулана как культурно-историческое наследие. В: *Библиотеки и музеи как культурные и научные центры: историческая ретроспектива и взгляд в будущее: К 190-летию со времени основания Румянцевского музея:*

материалы международной научно-практической конференции. Москва. 24-25 апреля 2018 года. Ч. 1. Москва: Пашков дом. 2018. С. 24-27.

Аргынбаев Х.А., Масанов Н.Э. Краткий очерк педагогической и общественной деятельности академика Академии наук Казахской ССР. В: *Алькей Хаканович Маргулан. Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана.* Издательство "Наука" Казахской ССР. Алма-Ата. 1984. С. 21-28.

Baqytuly M. *Номадическая история Улытау.* [б. м.]:[б. и.]. 2021. 364 с.

Бедельбаева М.В. Вклад К.И. Сатпаева в становление археологической науки Казахстана. *Археология Казахстана.* 2019. Т. 4, no. 2, с. 89-104.

Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений в пяти томах.* Том 1. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 1984. 432 с.

Валиханов Ч. Ч. *Собрание сочинений в пяти томах.* Том 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 1985. 463 с.

Жумашев Р.М., Мырзахметова А.Ж., Кожабеков Д.С. Алькей Маргулан: сюжет интеллектуальной биографии. *Вестник Карагандинского университета. Серия "История. Философия".* 2023. Т.111, no.3, с.35-43. https://doi.org/10.31489/2023hph3/35-43 .

Жумашев Р.М., Бедельбаева М.В. Неопубликованные материалы к обсуждению "Истории Казахской ССР" 1943 года: выступление А.Х. Маргулана (к 120-летию со дня рождения академика). Археология Казахстана. 2024. No.2 (24). С. 124–138.

История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата. 1943. 670 с.

Лапин Н.С. Султан Ураз-Мухаммед и казахско-русские посольские связи в конце XVI в. (по материалам РГАДА). *Отан тарихы.* 2021. Т. 96, no. 4, с. 65-75. DOI 10.51943/1814-6961_2021_ 4_65

Манапова А.М. Академик Әлкей Хақанұлы Марғулан мұрасы. *Археология Казахстана* 2018. No.1-2, с.48-58.

Алькей Хаканович Маргулан. АН КазССР; составители Ш.Н. Кульбаев, Д.Н. Казбекова. Алма-Ата: Наука. 1984. 67 с.

Маргулан Д.А. Жизнь и научная деятельность А.Х. Маргулана. Творческий образ ученого. В: *Маргулан А.Х. Сочинения в 14 томах. Том 1. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана.* Составители Д.А. Маргулан, Д. Маргулан. Алматы: Атамұра. 1998. С. 8-14.

Маргулан Д.А. Жизнь и научная деятельность А.Х. Маргулана. Образ ученого и человек. *Археология Казахстана.* 2018. No.1-2, с.37-47.

Сакенов С.К., Бурбаева С.Б., Букешева Г.К., Кукушкин А.И. Новые исследования на городище Бытыгай. *Археология Казахстана.* 2021. Т.14, no.4, с.134-147.

Шакиева А.С. Особенности освещения истории Улуса Джучи в "Историях Казахской ССР" в 1940-1950-х годах. *Золотоордынское обозрение.* 2023. Т. 11, no.1, с.220-241.

References

Abdukhaimov E.F. Perepiska patriarkha sredneaziatskoi arkheologii M.E. Massona s akademikom A.Kh. Margulanom. *Bulletin of Science of South Kazakhstan.* 2018. Vol.2, no.2, pp.79-84. (In Russian)

Amanzholova K.B. Lichnaya biblioteka akademika A. Margulana kak kulturno-istoricheskoe nasledie. In: *Libraries and Museums as Cultural and Scientific Centers: Historical Retrospective and a Look into the Future: On the 190th Anniversary of the Founding of the Rumyantsev Museum:* Proceedings of the International Scientific and Practical Conference. Moscow. April 24-25, 2018. Part 1. Moscow: Pashkov Dom. 2018. Pp.24-27. (In Russian)

Argynbaev Kh.A. Masanov N.E. Kratkii ocherk pedagogicheskoi i obshchestvennoi deyatelnosti akademika Akademii nauk Kazakhskoi SSR. In: *Alkey Khakanovich Margulan. Materials on the Bio-bibliography of Scientists of Kazakhstan.* Alma-Ata: "Nauka" Publishing House of the Kazakh SSR. 1984. Pp. 21-28. (In Russian)

Baqytuly M. *Nomadicheskaya istoriya Ulytau.* [Place not stated.]: [Publisher not stated]. 2021. 364 c. (In Russian)

Bedelbaeva M.V. Vklad K.I. Satpaeva v stanovlenie arkheologicheskoi nauki Kazakhstana. *Kazakhstan archeology.* № 2 (4). 2019. P. 89-104. (In Russian)

Valikhanov Ch.Ch. *Sobranie sochinenii v pyati tomakh*. Volume 1. Alma-Ata: Main Editorial Office of the Kazakh Soviet Encyclopaedia. 1984. 432 p. (In Russian)

Valikhanov Ch. Ch. *Sobranie sochinenii v pyati tomakh. V*olume 4. Alma-Ata: Main Editorial Office of the Kazakh Soviet Encyclopaedia. 1985. 463 p. (In Russian)

Zhumashev R.M., Myrzakhmetova A.Zh., Kozhabekov D.S. Alkei Margulan: syuzhet intellektualnoi biografii. *Bulletin of Karaganda University. Series "History. Philosophy". 2*023. Vol.111, no.3, pp.35-43. https://doi.org/10.31489/2023hph3/35-43 (In Russian)

Zhumashev R.M., Bedelbaeva M.V. Unpublished materials for the discussion of "History of the Kazakh SSR" of 1943: speech by A. Margulan (to the 120th anniversary of the birth of Academician). *Kazakhstan archeology.* 2024. Vol.24, no.2, pp.124-138. (In Russian)

Istoriya Kazakhskoi SSR c drevneishikh vremen do nashikh dnei. Alma-Ata. 1943. 670 p. (In Russian)

Lapin N.S. Sultan Uraz-Mukhammed i kazakhsko-russkie posolskie svyazi v kontse XVI v. (po materialam RGADA). *Otan tarikhy.* 2021. Vol.96, no.4, pp.65-75. (In Russian)

Manapova A.M. Akademik Alkei Khakanuly Margulan murasy. *Kazakhstan archeology.* 2018. No.1-2, pp.48-58. (In Kazakh)

Alkei Khakanovich Margulan. Academy of Sciences of the KazSSR; [Compiled by Sh.N. Kulbaev, D.N. Kazbekova). Alma-Ata: Nauka. 1984. 67 p. (In Russian)

Margulan D.A. Zhizn i nauchnaya deyatelnost A.Kh. Margulana. Tvorcheskii obraz uchenogo Margulan A.Kh. In: *Composition in 14 volumes.* Vol. 1. Begazy-Dandybaev culture of Central Kazakhstan (Compiled by D.A. Margulan, D. Margulan). Almaty: Atamura. 1998. P.8-14. (In Russian)

Margulan D.A. Zhizn i nauchnaya deyatelnost A.Kh. Margulana. Obraz uchenogo i chelovek. *Kazakhstan archeology.* 2018. No.1-2,pp.37-47. (In Russian)

Sakenov S.K., Burbaeva S.B., Bukesheva G.K., Kukushkin A.I. Novye issledovaniya na gorodishche Bytygai. *Kazakhstan archeology.* 2021. Vol.14, no.4, pp.134-147. (In Russian)

Shakieva A.S. Osobennosti osveshcheniya istorii Ulusa Dzhuchi v "Istoriyakh Kazakhskoi SSR" v 1940-1950-kh godakh. *Golden Horde Review. 2*023. Vol.11, no.1, pp.220-241. (In Russian)

Information about the author

Kuanysh G. Akanov – PhD, academic secretary at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management "Research Institute for Jochi Ulus Studies" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Автор туралы

мәлімет

Қуаныш Ғазизұлы Ақанов – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің "Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғалым-хатшысы, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Сведения об авторах

Куаныш Газизович Аканов – PhD, ученый секретарь РГП на ПХВ "Научный институт изучения Улуса Джучи" КН МНВО РК, Александра Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан. https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Disclosure of conflict-of-interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов***. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.08.2026
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 11.10.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2026